

## Маңызды стратегиялық мәні бар мемлекеттік сатып алу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 24 маусымдағы N 624 Қаулысы

"Мемлекеттік сатып алу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 16 мамыр Заңының 21-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Алматымәдениеттұрмысқұрылыс" акционерлік қоғамы Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты ғимаратының құрылысын аяқтау үшін сатып алудың маңызды стратегиялық мәні бар тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді беруші болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Парламентінің Шаруашылық басқармасына (келісім бойынша) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

осы қаулының 1-тармағында көрсетілген заңды тұлғамен 2005 жылға арналған республикалық бюджетте көзделген қаражат шегінде 184875000 (бір жүз сексен төрт миллион сегіз жүз жетпіс бес мың) теңге сомасына мемлекеттік сатып алу туралы шарт ж а с а с у д ы ;

мемлекеттік сатып алу үшін осы қаулыға сәйкес пайдаланылатын ақшаны оңтайлы және тиімді жұмсау қағидатын сақтауды;

осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдауды қамтамасыз ету ұсынылсын

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*